

Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының орындаушылықтар мен фонограммалар жөніндегі шартына қосылуы туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 16 сәуірдегі N 546 Заңы

Қазақстан Республикасы Женевада 1996 жылғы 20 желтоқсанда қабылданған Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының орындаушылықтар мен фонограммалар жөніндегі шартына қосылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті

ДЗМҰ-НЫҢ ОРЫНДАУШЫЛЫҚТАР МЕН ФОНОГРАММАЛАР ЖӨНІНДЕГІ ШАРТЫ (Женева, 1996 жылғы 20 желтоқсан)

Кіріспе

Уағдаласушы Тараптар,

Орындаушылардың және фонограмма жасаушылардың құқықтарын қорғауды неғұрлым тиімді және бірыңғай жетілдіру және қолдау ниетімен,

Экономикалық, әлеуметтік, мәдени және техникалық дамуға байланысты туындайтын мәселелерді барабар шешуді қамтамасыз ету мақсатында жаңа халықаралық ережелерді енгізудің қажеттігін мойындай отырып,

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың дамуы мен жақындасуының орындаушылықтарды және фонограммаларды пайдалану мен жасауға терең әсер етерін мойындай отырып,

Орындаушылардың және фонограмма жасаушылардың құқықтары мен дүйім жұртшылық мүдделерінің, атап айтқанда, білім беру, ғылыми зерттеулер және ақпаратқа қол жеткізу салаларында құқықтық тепе-теңдігін сақтау қажеттігін мойындай отырып,

Төмендегілер туралы уағдаласты:

I-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Басқа конвенцияларға қатыстылығы

Осы Шартта ешнәрсе Уағдаласушы Тараптардың 1961 жылғы 26 қазанда Римде жасалған Орындаушылардың және фонограмма жасаушылардың және хабар таратушы ұйымдардың мүдделерін қорғау туралы халықаралық конвенция (бұдан әрі - Рим конвенциясы) бойынша бір-біріне қатысты қолданылып жүрген міндеттемелерінің құнын түсірмейді.

Осы Шарт бойынша беріліп отырған қорғау әдеби және көркем туындыларға қатысты авторлық құқықты қорғауға әсерін тигізбейді және ешқандай да ықпал жасамайды. Тиісінше осы Шарттың бірде-бір ережесі мұндай қорғауға нұқсан келтіруші ретінде түсіндірілуі мүмкін емес.

Осы Шарт қандай да бір басқа шарттармен байланысты емес және олар бойынша қандай да бір құқықтар мен міндеттемелеріне нұқсан келтірмейді.

2-бап. Анықтамалар

Осы Шарттың мақсаттары үшін:

"орындаушылар" - олар актерлер, әншілер, сазгерлер, бишілер немесе роль ойнайтын, ән салатын, оқитын, мәнерлеп оқитын, музыкалық аспапта ойнайтын, әдеби немесе көркем туындыларды, не фольклор бейнелерін өзінше түсіндіретін өзге де жолмен орындайтын басқа да тұлғалар;

"фонограмма" - кинематографиялық немесе өзге де дыбыс-бейнежазу туындыға енгізілген жазу нысанындағы дыбыстардан басқа, орындаушылық дыбыстарын немесе

басқа да дыбыстарды не дыбыстарды бейнелейтін жазуды білдіреді; "жазу" - дыбыстарды не олардың бейнелерін тиісті құрылғының көмегімен қабылдауды, қайта жасауды немесе хабарлауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, оларды нақты түрде көрсетуді білдіреді;

"фонограмманы жасаушы" - орындаушылық дыбыстарының немесе басқа да дыбыстардың, не дыбыс бейнелерінің бірінші жазуларына бастамашылық ететін және жауапкершілік көтеретін заңды немесе жеке тұлғаны білдіреді; орындаушылықтың жазуын немесе фонограмманы "жариялау" орындаушылықтың жазуын немесе фонограмманың даналарын құқық иесінің келісімі бойынша және даналарды көпшілікке ақылға қонымды мөлшерде ұсыну шартымен көпшілікке ұсынуды білдіреді;

"эфир хабарлары" - дыбыстарды немесе бейнелер мен дыбыстарды, немесе олардың бейнелерін көпшілік қабылдауы үшін сымсыз байланыс құралдары арқылы таратуды білдіреді; спутник арқылы жүзеге асырылатын мұндай хабарлар, сондай-ақ "эфир хабарлары" болып табылады; егер декодтау құралдарын көпшілікке хабар тарату ұйымы берсе немесе оның келісімімен ұсынылатын болса, кодталған сигналдарды хабарлау "эфир хабарлары" болып табылады;

орындаушылықтар мен фонограммаларды "жалпы жұрттың назарына хабарлау" эфир хабарларынан басқа, фонограммаға жазылған орындаушылықтың дыбыстарын не дыбыстарды, немесе дыбыс бейнелерін көпшілікке кез келген тәсілмен хабарлауды білдіреді. 15-баптың мақсаттары үшін "жалпы жұрттың назарына хабарлау" фонограммаға жазылған дыбыстарды немесе дыбыс бейнелерін көпшіліктің қабылдауына жеткізуді қамтиды.

3-бап. Осы Шарт бойынша қорғалатын тұлғалар

Уағдаласушы Тараптар басқа Уағдаласушы Тараптардың азаматтары болып табылатын орындаушыларға және фонограмманы жасаушыларға осы Шартта көзделген қорғауды ұсынады.

Осы Шарттың Уағдаласушы Тараптарының барлығы осы Конвенцияның Уағдаласушы мемлекеттері болып табылатындай, Рим конвенциясында көзделген қорғаудың барлық өлшемдеріне сай келетін орындаушылар және фонограмманы жасаушылар басқа Уағдаласушы Тараптардың азаматтары деп түсініледі. Көрсетілген шарттарға қатысты Уағдаласушы Тараптар осы Шарттың 2-бабында мазмұндалған тиісті анықтамаларды қолданады.

Рим конвенциясының 5(3)-бабында көзделген немесе аталған Конвенцияның 5-бабының мақсаттары үшін осы Конвенцияның 17-бабында көзделген мүмкіндіктерді пайдаланатын кез келген Уағдаласушы Тарап, көрсетілген ережелерде көзделгендей, Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының (ДЗМҰ) Бас директорына хабарлама жібереді.

4-бап. Ұлттық тәртіп

Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы, 3(2)-бапта айқындалғандай, өз азаматтарына, осы Шарт бойынша ерекше берілетін айрықша құқықтарына және осы Шарттың 15-бабында көзделген сыйақы алу құқығына қатысты қандай тәртіп ұсынса, басқа Уағдаласушы Тараптардың азаматтарына да сондай тәртіп ұсынады.

(1)-тармақта көзделген міндеттеме, басқа Уағдаласушы Тарап осы Шарттың 15(3)-бабына сәйкес болуы мүмкін ескертулерді пайдаланатындай дәрежеде қолданылмайды.

II-тарау. Орындаушылардың құқықтары

5-бап. Орындаушылардың мүліктік емес жеке құқықтары

Орындаушының мүліктік құқықтарына қарамастан және сол құқықтар басқаға тапсырылғаннан кейін де, орындаушы өзінің жазылмаған ауызша орындаушылықтарына немесе фонограммаға жазылған орындаушылықтарына қатысты мұндай құқықтың берілмеуі туындыны пайдаланудың сипатына байланысты жағдайды есептегенде, өз орындаушылығының орындаушысы ретінде танылуын талап етуге және қандай да

бұрмалауға немесе оның абыройына нұқсан келтіруі мүмкін өзгертулерге қарсы болуға құқылы.

(1)-тармаққа сәйкес орындаушыға берілген құқықтар, ол қайтыс болғаннан кейін, кемінде мүліктік құқықтардың күші жойылғанша сақталады және оларды қорғауды қажет ететін Уағдаласушы Тараптың заңнамасымен өкілетті тұлғалар немесе мекемелер жүзеге асырады. Бірақ, заңнамалары осы Шарттың бекітілу сәтінде немесе оған қосылу кезінде орындаушы қайтыс болғаннан кейін алдыңғы тармақта көзделген барлық құқықтарын қорғауды қарастырмайтын сол Уағдаласушы Тараптар, орындаушы қайтыс болғаннан кейін осы құқықтардың кейбіреулері жойылатынын қарастыра алады.

Осы бап бойынша берілетін құқықтарды қамтамасыз етуге арналған қорғау амалдары, өздерінде қорғау талап етілетін Уағдаласушы Тараптардың заңнамасымен реттеледі.

6-бап. Орындаушылардың өздерінің жазылмаған орындаушылықтарына мүліктік құқықтары

Орындаушылар өздерінің орындаушылықтарына қатысты:

орындаушылық эфирге бұрын беріліп қойған жағдайларды есептемегенде, өздерінің жазылмаған орындаушылықтарын эфирге жіберуге және жалпы жұрттың назарына хабарлауға; және өзінің жазылмаған туындыларын жазуға рұқсат етуге айрықша құқығын пайдаланады.

7-бап. Қайта жасау құқығы

Орындаушылар өздерінің фонограммаға жазылған орындаушылықтарын кез келген әдіспен және кез келген түрде тікелей немесе жанама түрде қайта жасауға рұқсат етуге айрықша құқығын пайдаланады.

8-бап. Тарату құқығы

Орындаушылар өздерінің фонограммаға жазылған орындаушылықтарының түпнұсқасын және даналарын жалпы жұрттың назарына хабарлауды меншік құқығын сату немесе өзгеше басқаға беру жолымен рұқсат етуге айрықша құқығын пайдаланады. Осы Шартта орындаушының рұқсатымен жазылған орындаушылықтың түпнұсқасына немесе данасына меншік құқығы алғашқы рет сатылғаннан немесе өзгеше берілгеннен кейін Уағдаласушы Тараптардың (1)-тармақта аталған құқықтың жойылуы қолданылатын шарттарды белгілеу немесе белгілемеу еркіне ешнәрсе әсер етпейді.

9-бап. Жалға беру құқығы

Уағдаласушы Тараптардың ұлттық заңнамаларында белгіленгендей, орындаушылар өздерінің фонограммаға жазылған орындаушылықтарының түпнұсқасын немесе даналарын орындаушы жүзеге асырғаннан немесе оның рұқсатымен таратылғаннан кейін де арнап коммерциялық жалға беруге айрықша құқығын пайдаланады.

1994 жылғы 15 сәуірге дейін өздерінде орындаушыларға, олардың орындаушылықтарының фонограммаларға жазылған даналарын жалға бергені үшін әділ сыйақы төлеу жүйесі қолданыста болған және одан әрі қолданылатын Уағдаласушы Тарап (1)-тармақтың ережелеріне қарамастан, коммерциялық жалға беру орындаушылардың қайта жасауға айрықша құқығына елеулі нұқсан келтірмейтін жағдайда осы жүйені сақтап қалуы мүмкін.

10-бап. Жазылған орындаушылықтарды қол жетерліктей ету құқығы

Орындаушылар өздерінің фонограммаға жазылған орындаушылықтарын жұртшылық өкілдері өздерінің қалауы бойынша кез келген жерден және кез келген уақытта қол жеткізуді жүзеге асыра алатындай, желілер арқылы немесе сымсыз байланыс құралдары арқылы жалпы жұрттың назарына хабарлауға рұқсат етуге айрықша құқығын пайдаланады.

III-тарау. Фонограмма жасаушылардың құқықтары

11-бап. Қайта жасау құқығы

Фонограмма жасаушылар өз фонограммаларын кез келген әдіспен және кез келген түрде тікелей немесе жанама түрде қайта жасауға рұқсат етуге айрықша құқығын пайдаланады.

12-бап. Тарату құқығы

Фонограмма жасаушылар өздерінің фонограмма даналарының түпнұсқасын сату немесе меншік құқығын өзгеше басқаға беру арқылы өздерінің фонограммаларының түпнұсқасын және даналарын жалпы жұрттың назарына хабарлауға рұқсат етуге айрықша құқығын пайдаланады.

Осы Шартта фонограмманы жасаушының рұқсатымен өзінің фонограммасының түпнұсқасына немесе данасына меншік құқығы алғашқы рет сатылғаннан немесе өзгеше берілгеннен кейін Уағдаласушы Тараптардың (1)-тармақта ескертілген құқықтың түгесілуін қолдану шарттарын белгілеу немесе белгілемеу еркіне ешнәрсе әсер етпейді.

13-бап. Жалға беру құқығы

Фонограмма жасаушылар өздерінің фонограммаларының түпнұсқасын немесе даналарын жасаушы жүзеге асырғаннан немесе оның рұқсатымен таратылғаннан кейін де көпшілікке арнап коммерциялық жалға беруге айрықша құқығын пайдаланады.

Уағдаласушы Тарап (1)-тармақтың ережелеріне қарамастан, 1994 жылғы 15 сәуірге дейін өздерінде фонограмма жасаушыларға олардың фонограммаларының түпнұсқасын немесе даналарын жалға бергені үшін әділ сыйақы төлеу жүйесі қолданыста болған және одан әрі қолданылатын фонограммалардың коммерциялық жалға берілуі фонограмма жасаушылардың қайта жасауға айрықша құқығына елеулі нұқсан келтірмейтін жағдайда, осы жүйені сақтап қалуы мүмкін.

14-бап. Фонограммаларды қол жетерліктей ету құқығы

Фонограмма жасаушылар өздерінің фонограммаларын көпшілік өкілдері, өздерінің қалауы бойынша, кез келген жерден және кез келген уақытта қол жеткізуді жүзеге асыра алатындай, желілер немесе сымсыз байланыс құралдары арқылы жалпы жұрттың назарына хабарлауға рұқсат етуге айрықша құқығын пайдаланады.

IV-тарау. Жалпы ережелер

15-бап. Эфирге бергені және жалпы жұрттың назарына хабарлағаны үшін сыйақы алу құқығы

Орындаушылар және фонограмма жасаушылар коммерциялық мақсатта жарияланған фонограммаларды эфирге бергені немесе жалпы жұрттың назарына қалай да хабарлағаны үшін тікелей немесе жанама пайдаланғанына біржолғы әділ сыйақы алу құқығын пайдаланады.

Уағдаласушы Тараптар орындаушы немесе фонограмма жасаушы, немесе орындаушы да, фонограмманы жасаушы да пайдаланушыдан біржолғы әділ сыйақы талап етуге құқылы екендігін өздерінің ұлттық заңнамасында белгілей алады. Орындаушы мен фонограмманы жасаушының арасында келісім болмаған жағдайда Уағдаласушы Тараптар орындаушылар мен фонограмманы жасаушылар арасында біржолғы әділ сыйақыны бөлу шарттары белгіленетін ұлттық заңнама қабылдай алады.

Уағдаласушы Тараптың кез келгені ДЗМҰ-ның Бас директорына сақтауға тапсырған хабарламада (1)-тармақтың ережелерін пайдаланудың кейбір түрлеріне ғана қатысты қолданатыны немесе оларды қалай да болмасын қолдануына шек қоятыны немесе бұл ережелерді мүлде пайдаланбайтыны туралы мәлімдей алады.

Көпшілік өкілдері кез келген уақытта және кез келген жерден, өздерінің жеке қалауы бойынша оларға қол жеткізуді жүзеге асыра алатындай, желілер немесе сымсыз байланыс құралдары арқылы жалпы жұрттың назарына ортақ болған фонограммалар, осы Баптың мақсаттары үшін коммерциялық мақсаттарда жарияланған болып қаралады.

16-бап. Шектеулер мен айрықшалықтар

Уағдаласушы Тараптар өздерінің ұлттық заңнамасында орындаушылардың және фонограмма жасаушылардың авторлық құқығын қорғауға қатысты өздерінің ұлттық

заңнамасында әдеби және көркем туындыларға авторлық құқықты қорғауға қатысты көздейтін шектеулер мен айрықшалықтарды көздеуі мүмкін.

Уағдаласушы Тараптар орындаушылықтың немесе фонограмманың бір қалыпты пайдалануына нұқсан келтірмейтін және орындаушының немесе фонограмманы жасаушының заңды мүдделеріне негізсіз нұқсан келтірмейтін белгілі бір ерекше жағдайларда, осы Шартта көзделген құқықтарды қандай да бір шектеулерді немесе айрықшалықтарды белгілейді.

17-бап. Қорғау мерзімі

Осы Шарт бойынша орындаушыларға берілетін қорғау мерзімі, орындаушылық фонограммаға жазылған жылдың соңынан бастап санағанда, кемінде 50 жыл мерзімі аяқталғанға дейін жалғасады.

Фонограмманы жасаушыларға осы шарт бойынша берілетін қорғау мерзімі, фонограмма жарияланған жылдың соңынан бастап есептегенде кемінде 50 жыл мерзімінің аяқталуына дейін немесе мұндай жариялау болмаған жағдайда фонограмма жазылған сәттен бастап 50 жыл бойы, яғни - жазу жасалған жылдың соңынан бастап есептегенде 50 жыл бойы сақталады.

18-бап. Техникалық шараларға қатысты міндеттемелер

Уағдаласушы Тараптар орындаушылардың немесе фонограмманы жасаушылардың осы Шарт бойынша өз құқықтарын жүзеге асыруға байланысты пайдаланылатын және олардың орындаушылықтары мен фонограммаларына қатысты әрекеттерді шектейтін, орындаушылар немесе фонограмма жасаушылар рұқсат етпеген немесе оларға заңмен жол берілмейтін бар техникалық құралдарды пайдаланудан тиісті құқықтық қорғауды және құқықтық қорғаудың тиімді шараларын қарастырады.

19-бап. Құқықтарды басқару туралы ақпаратқа қатысты міндеттемелер

Уағдаласушы Тараптар мына іс-әрекеттердің кез келгенін: құқықтарды басқару туралы кез келген электрондық ақпаратты рұқсатсыз жоюды немесе өзгертуді;

орындаушылықтарды, жазылған орындаушылықтардың немесе фонограммалардың даналарын, оларда құқықтарды қорғау туралы электрондық ақпараттың рұқсатсыз жойылғанын немесе өзгертілгенін біле тұра, рұқсатсыз таратуды, тарату мақсатында импорттауды, эфирге беруді немесе жалпы жұрттың назарына жариялауды, мұндай әрекет осы Шартта көзделген кез келген құқықтың бұзылуына ниеттендіретінін, оған мүмкіндік беретінін, ықпал ететінін немесе жасыратынын біле тұра, немесе қорғаудың азаматтық-құқықтық құралдарын қолдануына байланысты білуге жеткілікті негіздемесі бола тұра, әдейі жүзеге асыратын кез келген тұлғаға қатысты құқықтық қорғаудың тиісті және тиімді шараларын қарастырады.

"Құқықтарды басқару туралы ақпарат" осы баптың мағынасында, бұл ақпараттың кез келген элементтері жазылған орындаушылықтың немесе фонограмманың данасына қоса берілген немесе жазылған орындаушылық немесе фонограмма жалпы жұрттың назарына хабарлауына байланысты пайда болатын жағдайларда орындаушыны, орындаушының орындаушылығын, фонограмманы жасаушыны, фонограмманы, орындаушылыққа немесе фонограммаға қандай да бір құқық иеленушісін немесе орындаушылықты немесе фонограмманы пайдаланудың шарттары туралы ақпаратты немесе мұндай ақпарат берілген кез келген сандарды немесе кодтарды теңдестіретін ақпаратты білдіреді.

20-бап. Формалдылықтар

Осы Шартта көзделген құқықтарды иелену және құқықтарды жүзеге асыру қандай да бір формалдылықтарды сақтауға байланысты емес.

21-бап. Ескертпелер

15(3)-баптың ережелерін ескере отырып, осы Шартқа ешқандай ескертпелерге жол берілмейді.

22-бап. Қолдану уақыты

Уағдаласушы Тараптар тиісті өзгерістерді ескере отырып, осы Шартта көзделген орындаушылардың және фонограмманы жасаушылардың құқықтарына Берн конвенциясының 18-бабы ережелерін қолданады.

Уағдаласушы Тарап (1)-тармаққа қарамастан, осы Шарттың 5-бабының қолданылуын осы Шарт күшіне енгеннен кейін бұл Тарапқа қатысты орын алған орындаушылықтармен шектей алады.

23-бап. Құқықтарды қамтамасыз ету жөніндегі ережелер

Уағдаласушы Тараптар өздерінің құқықтық жүйелеріне сәйкес осы Шарттың қолданылуын қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді.

Уағдаласушы Тараптар өздерінің заңдарында бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі жедел шаралар мен одан әрі бұзушылықтарды тоқтататын амал болып табылатын шараларды қоса алғанда, осы Шартта көзделген кез келген құқық бұзушылық әрекетіне қарсы тиімді іс-қимылдарды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құқықтарды қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың көзделуін қамтамасыз етеді.

Ү-тарау. Әкімшілік және қорытынды ережелер

24-бап. Ассамблея

Уағдаласушы Тараптар Ассамблея құрады.

Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысына орынбасарлары, кеңесшілері және сарапшылары болуы мүмкін бір делегат өкілдік ете алады.

Әрбір делегацияның шығындарын оны тағайындаған Уағдаласушы Тарап көтереді. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының қалыптасқан тәжірибесіне сәйкес, дамушы елдер ретінде қаралатын немесе нарықтық экономикаға өту үрдісіндегі ел болып табылатын Уағдаласушы Тараптардың делегацияларының қатысуына себепші болу үшін Ассамблея ДЗМҰ-дан қаржылай көмек көрсетуді сұрай алады.

Ассамблея осы Шарттың сақталуына, дамытылуына, қолданылуына және жұмыс істеуіне қатысты мәселелерді қарайды.

Ассамблея кейбір үкіметаралық ұйымдардың осы Шартқа қатысуға жіберілуіне қатысты 26(2)-бап бойынша оған жүктелген міндетті жүзеге асырады.

Ассамблея осы Шартты қайта қарау үшін кез келген дипломатиялық конференцияны шақыру туралы шешім қабылдайды және осындай дипломатиялық конференцияны дайындау жөнінде ДЗМҰ-ның Бас директорына қажетті нұсқаулар береді.

Мемлекет болып табылатын Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы бір дауысқа ие және тек өз атынан ғана дауыс береді.

Үкіметаралық ұйым болып табылатын кез келген Уағдаласушы Тарап осы Шарттың тараптары болып табылатын осындай ұйымға мүше мемлекеттер санына тең дауыс санымен мұндай ұйымға мүше мемлекеттердің орнына дауыс беруге қатыса алады. Кез келген осындай үкіметаралық ұйым, егер осындай ұйымға мүше мемлекеттердің кез келгені өзінің дауыс беру құқығын пайдаланса, дауыс беруге қатыспайды және керісінше.

Ассамблея екі жылда бір рет ДЗМҰ-ның Бас директоры шақыратын кезекті сессияға жиналады.

Ассамблея өзінің рәсімдеу тәртібін, соның ішінде кезектен тыс сессияларын шақыруға, кворумның талаптарына және осы Шарттың ережелерін ескере отырып, әртүрлі шешімдерді қабылдау үшін талап етілетін көпшілікке қатысты қабылдайды.

25-бап. Халықаралық бюро

ДЗМҰ-ның халықаралық бюросы Шартқа орай әкімшілік функцияларды орындайды.

26-бап. Шартқа қатысу құқығы

Кез келген ДЗМҰ-ға мүше-мемлекет осы Шартқа қатысушы бола алады.

Ассамблея осы Шартпен реттелетін мәселелер бойынша құзыретті екендігін және осындай ұйымға мүше барлық мемлекеттер үшін міндетті нормативтік базасы барын және оның өзінің ішкі рәсімдеріне сәйкес осы Шартқа қатысушы болуға лайықты түрде

уәкілетті екенін мәлімдейтін кез келген үкіметаралық ұйымға осы Шартқа қатысуға рұқсат беру туралы шешім қабылдай алады.

Еуропалық қауымдастық осы Шартты қабылдаған Дипломатиялық конференцияда жоғарыдағы тармақта аталған мәлімдемені жасап, бұл Шарттың мүшесі бола алады.

27-бап. Шарт бойынша құқықтар мен міндеттемелер

Егер осы Шарт өзге туралы қандай да бір арнайы ережені қамтымаса, Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы осы Шарт бойынша барлық құқықтарды пайдаланады және барлық міндеттемелерді өзіне қабылдайды.

28-бап. Шартқа қол қою

Осы Шарт ДЗМҰ-ның кез келген мүше-мемлекетіне және Еуропалық қауымдастыққа қол қою үшін 1997 жылғы 31 желтоқсанға дейін ашық.

29-бап. Шарттың күшіне енуі

Осы Шарт ДЗМҰ-ның Бас директорына 30 мемлекет бекіту немесе қосылу туралы құжаттарын сақтауға тапсырғаннан кейін үш айдан соң күшіне енеді.

30-бап. Шартқа қатысудың басталу мерзімі

Осы Шарт:

20-бапта көрсетілген 30 мемлекет үшін осы Шарт күшіне енген күннен бастап; басқа мемлекеттердің әрқайсысы үшін - осы мемлекет өзінің құжатын ДЗМҰ-ның Бас директорына сақтауға тапсырған күннен бастап үш айдан кейін;

Еуропалық қауымдастық үшін - бекіту немесе қосылу туралы құжат сақтауға берілген күннен бастап үш айдан кейін, егер осындай құжат 29-бапқа сәйкес осы Шарт күшіне енгеннен кейін өткізілсе, немесе осындай құжат осы Шарт күшіне енгенге дейін сақтауға берілген болса, осы Шарт күшіне енгеннен кейін үш айдан соң;

осы Шартқа қатысуға рұқсат алған кез келген үкіметаралық ұйым үшін - оның қосылуы туралы құжаты сақтауға берілгеннен кейін үш айдан соң міндетті болып табылады.

31-бап. Шартты бұзу

Кез келген Уағдаласушы Тарап ДЗМҰ-ның Бас директорына жолданған хабарлама арқылы осы Шартты бұза алады. Кез келген денонсация ДЗМҰ-ның Бас директоры хабарламаны алған күнінен бастап бір жылдан кейін күшіне енеді.

32-бап. Шарттың тілдері

Осы Шарттың орыс, ағылшын, араб, испан, қытай және француз тілдеріндегі бір данасына қол қойылады, әрі осы тілдердегі мәтіндердің барлығы түпнұсқалық болып табылады.

(1)-тармақта аталғандардан басқа кез келген тілдегі ресми мәтінді мүдделі тараптың өтініші бойынша және барлық мүдделі тараптармен кеңесуден кейін ДЗМҰ-ның Бас директоры бекітеді. Осы тармақтың мақсаттары үшін "мүдделі тарап" дегеніміз ресми тілі немесе ресми тілдерінің бірі өтініш нысанасы болып табылатын, ДЗМҰ-ның кез келген мүше-мемлекетін, сондай-ақ Еуропалық қауымдастықты және оның ресми тілдерінің бірі өтініш нысанасы болса, осы Шартқа қатысушы бола алатын басқа кез келген үкіметаралық ұйымды білдіреді.

33-бап. Депозитарий

ДЗМҰ-ның Бас директоры осы Шарттың депозитарийі болып табылады.

ДЗМҰ-ның орындаушылықтар мен фонограммалар жөніндегі шартына қатысты келісілген мәлімдемелер 1-бапқа қатысты

1(2)-бап осы Шарт бойынша фонограммаларға құқықтар мен фонограммада шыққан туындыларға авторлық құқық арасындағы өзара байланысты анықтайтыны түсініледі. Фонограммада шыққан туындының авторының, сондай-ақ фонограммаға құқықтарға ие орындаушы немесе оны шығарушының да рұқсаты керек болған жағдайларда, орындаушының немесе шығарушының рұқсатын алу қажеттілігі болу себебімен автордың рұқсатын алу қажеттілігі жойылмайды, және керісінше.

Бұдан әрі, 1(2)-бапта Уағдаласушы Тарапқа осы Шарт бойынша берілуге тиіс құқықтарға қосымша орындаушыға немесе фонограмманы шығарушыға айрықша құқықтарды беруге ешнәрсе кедергі жасамайтыны түсініледі.

2(b)-бапқа қатысты

2(b)-бапта мазмұндалған фонограмма туралы ұғым фонограммаға құқыққа, олар кинематографиялық немесе өзге дыбыс-бейне туындыға енгізілуіне байланысты, қандай да болсын жолмен әсер ететіні көзделмейді деп түсініледі.

2(e), 8, 9, 12 және 13-баптарға қатысты

"Даналар" және "түпнұсқа және даналар" деген сөздер аталған Баптар бойынша тарату және жалға беру құқығының нысанасы бола отырып, осы баптардың мағынасында, тек қана, тіркелген материалдық заттар түрінде айналымға шығарылуы мүмкін даналарға қатысты.

3-бапқа қатысты

Рим конвенциясының 5(a) және 6(a)(iv)-баптарындағы "Уағдаласушы басқа мемлекет азаматы" деп көрсету осы Шартқа қатысты қолдану кезінде осы Шарттың Уағдаласушы Тарапы болып табылатын үкіметаралық ұйымға қатысты осы ұйымға мүшелдердің бірінің азаматы деп түсініледі.

3(2)-бапқа қатысты

3(2)-бапты қолдану мақсатында жазу эталондық лентаны дайындаудың аяқталуын ("master tape" немесе "bande-mere") түсіндіріледі.

7, 11 және 16-баптарға қатысты

Қайта шығаруға құқық 7 және 11-баптарда анықталғандай және осы құқыққа қатысты 16-бап арқылы жол берілетін айрықшалықтар цифрлік нысанда және, атап айтқанда, орындаушылықтар мен фонограммаларды цифрлік ортада пайдалануға қатысты толық қолданылады. Қорғалатын орындаушылық пен фонограмманы электрондық құралда цифрлік нысанда сақтау осы баптардағы мағынада қайта шығару болып табылмайтыны түсініледі.

15-бапқа қатысты

15-бап орындаушылар мен фонограмма жасаушылар цифрлік заманда пайдалануға тиісті эфирлік хабар таратуға және жалпы жұрт назары үшін хабарлауға құқықтардың деңгейі туралы мәселенің соңғы шешімі болып табылмайтыны түсініледі. Делегациялар белгілі бір жағдайларда берілетін айрықшалықтар аспектісіне қатысты немесе ескертпелерсіз берілуге тиісті құқықтарға қатысты түрлі ұсыныстар бойынша келісімге келе алмады, сондықтан осы мәселе кейін шешілуге қалдырылды.

15-бапқа қатысты

Фольклорды орындаушыларға және орындаушыларды жазатын фонограммаларды жасаушыларға, егер осындай фонограммалар коммерциялық пайда үшін жарияланбаса, осы бапта көзделген құқықты беруге 15-бап кедергі болмайтыны түсініледі.

16-бапқа қатысты

ДЗМҰ-ның авторлық құқық жөніндегі шартының 10-бабына (шектеулер мен ерекшеліктер туралы) қатысты тиісті өзгерістерді ескере отырып келісілген, сондай-ақ ДЗМҰ-ның орындаушылықтар мен фонограммалар жөніндегі шартының 16-бабына (шектеулер мен айрықшалықтар туралы) қатысты мәлімдеме.

19-бапқа қатысты

ДЗМҰ-ның авторлық құқық жөніндегі шартының 12-бабына (құқықтарды басқару жөніндегі ақпаратқа қатысты міндеттемелер туралы) қатысты келісілген мәлімдеме, сондай-ақ тиісті өзгерістерді ескере отырып, ДЗМҰ-ның орындаушылықтар мен фонограммалар жөніндегі шартының 16-бабына (құқықтарды басқару жөніндегі ақпаратқа қатысты міндеттемелер туралы) қатысты қолданылады.

[Соңы]

Осы мәтін 1996 жылғы 20 желтоқсандағы Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының орындаушылықтар мен фонограммалар жөніндегі шартының куәландырылған дұрыс көшірмесі екенін растаймын.